

Исх. № 01-24/1747 от 10.04.2024, Вход № 891 от 10.04.2024

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, ЗБ шағын ауданы, 46 ғимарат
телефон 8/7292/ 50-19-09

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г.Ақтау, микрорайон ЗБ, здание 46
телефон 8/7292/50-19-09

№ _____

Маңғыстау облысының Бейнеу ауданын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау болжанатын аумақты (акваторияны) зерделеу бойынша қорытынды

Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі негізінде және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидаларына» сәйкес, Бейнеу ауданы аумағында бекітілген бақылау нүктелерінде атмосфералық ауаның жай-күйіне және радиациялық жағдайына тоқсан сайын мониторинг жұмыстарын жүргізіп отырады.

Мониторинг жұмыстарын жыл сайын жасақталатын мониторинг жоспары негізінде, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» филиалының мамандарымен бірлесіп, арнайы құралдармен жүзеге асырады.

Атмосфералық ауаның жай-күйінің зертханалық өлшемдері CO₂ (көміртек оксиді), NO₂ (азот қостотығы), SO₂ (Күкірт қостотығы), H₂S (күкіртутегі), шаң бойынша, радиациялық ахуал гамма фонды анықтау арқылы жүргізіледі.

2021-2023 жылдары атмосфералық жай-күйі мен радиациялық ахуалға 14979 зертханалық өлшеулер жүргізілді. Атап айтсақ, оның ішінде, атмосфералық ауаның жай-күйіне 1488 өлшем, радиациялық ахуалға 13491

өлшем жасалып, нәтижесінде гигиеналық нормативтерден ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

Жоғарыда көрсетілген жайттардың және аудан деңгейінде әр түрлі ғылыми зерттеулердің жүргізілмеуіне байланысты, Маңғыстау облысының Бейнеу ауданын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялауға негіз жоқтығын қаперіңізге береді.

Басшы

Г.Куркинбаева

Куанова Л.К.
8/7292/ 60-71-47

Подпись канцелярии
10.04.2024 17:30 НҰРЛАНҚЫЗЫ НАЗГҮЛ

Подпись руководителя
10.04.2024 17:28 КУРКИНБАЕВА ГУЛЬНАР

